

Арал қаласының көшелері мен түйықтарын атау және қайта атау туралы

Қызылорда облысы Арал ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 29 сәуірдегі № 86-қ қаулысы және Қызылорда облысы Арал аудандық мәслихатының 2016 жылғы 29 сәуірдегі № 19 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 20 мамырда № 5515 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына және Қызылорда облыстық ономастикалық комиссиясының 2016 жылғы 13 сәуірдегі № 2 қорытындысына сәйкес Арал ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Арал аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Арал қаласының мына көшелері мен түйықтары:

- 1) "Дружба" көшесі "Достық" атауымен;
- 2) "И.Папанин" көшесі "Қосмағанбет Сапаровтың" есімімен;
- 3) "Н.Щорс" көшесі "Ерденбек Ниетқалиевтің" есімімен;
- 4) "А.Микоян" көшесі "Әбдікер Қаюповтың" есімімен;
- 5) "Киров" түйығы "Ұлдай Есмамбетованың" есімімен;
- 6) "40 жылдық Октябрь" түйығы "Алпысбай Медетовтың" есімімен;
- 7) "Судоверьф" көшесі "Садылда Көбековтың" есімімен қайта аталсын.

2. "Ш.Уәлиханов" түйығына қатарлас шығыс бетіндегі жаңа көше "Жұбанбай Сауытбаевтың" есімімен аталсын.

3. Осы қаулы мен шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі

Арал ауданының
әкімі
төрағасы
А.С. Мұхимов
Арал аудандық
мәслихатының хатшысы
Д. Мадиев

Арал аудандық мәслихатының
кезектен тыс үшінші сессиясының

Ф. Смағұлов